

Мухажанова Т.Н.¹, Жұмағұлов Қ.Т.²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

²тарих ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ЛАТЫН ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ АВАР ҚАҒАНАТЫНЫҢ ШЫҒУТЕГІ МӘСЕЛЕСІ

Мақала авар қағанатын құрушы тайпалардың антропологиялық сараптамалар мен латын деректерінің негізінде шығу тегін сараптауға арналады. Авар қағанатының тарихы орта ғасырларда Еуразия құрлығының бірталай аумағын мекендеген түркі тілдес тайпалық бірлестігі. Сондықтан авар тарихымен Еуропа мен ТМД елдерінің ғалымдары бірқатар зерттеулер жүргізіп, түрлі ой-тұжырымдарын білдіруде. Әрине қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамыған заманында жоғалтқанымызды тауып, ұмытылған тарихымызды ұлықтар уақыт. Осындай елеусіз қалған тарих қойнауының құпияларының бірі жазба деректер негізінде аварлардың шығу тегі мен бассүйек қалдықтары бойынша антропологиялық сараптамаларды саралап, тұжырым жасау. Аварлардың этногенез тарихына қатысты латын тілінде орта ғасырлық жылнамашылардың бірқатар құнды деректері бар. Олардың ішінде алғаш болып Ү ғ. Рим ойшылдарының бірі Приск Панийский, Византия империясының тарихшыларынан Феофилакта Симокатта, Менандр Протектор, сириялық Иоанна Эфесский, Фредегер хроникаларында, грузиялық жылнамашы Картлис Цховребе, готтық орыс жылнамалары, араб саяхатшылары Ибн Хордадбек сияқты т.т. деректерде аварлардың этногенез мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар антропологиялық жәдігерлер Шығыс Еуропа, әсіресе Венгрия территориясынан Сентэндр, Боче, Кунсентмиклош–Бабонд сияқты қоныстар авар дәуіріне қатысты екені дәлелденген, т.б.

Түйін сөздер: ғұн, авар, этногенез, сармат, кроман, этноним, бавар, игумен, скиф, азиялық.

Mukhazhanova T.N.¹, Zhumagulov K.T.²

¹Candidate of historical sciences, senior teacher of Faculty of history, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

²Doctor of historical sciences, professor of Faculty of history,
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Avars kaganat and genesis on base of Latin sources and anthropology data

The paper is devoted to analyze the origin of tribes who created Avar khanate on base of anthropology researching. The history of Avar Khanate in Middle ages in association of Turkic tribes living in considerable territory of Eurasian continent. In this case Avar history studying by Europe and CIS scientists and has been presented different arguments. Of course, today, in time of developing science and and technique we find the lost, it is time to honor our forgotten history. The one of secrets which leaves without appropriate attention is analyzing and arguing the origin of Avars on base of anthropological researching through writing sources and remains. About Avar ethnogenesis history exist some valuable sources of Middle age chroniclers in Latin. Among them in 5th century Priisk Paninski, historians of Byzantine Empire Theophylact Simokatta, Menander Protector, Syrian John Atascii, in chronicles of Fredegar, Georgian chronicler Kartlis Tskhovreba, Goth Jordanian, Russian chroniclers, the Arab travelers as Ibn Khordadbekh etc. sources the problem of ethnogenesis of Avars was considered. Also in the East Europe, especially Szentendre, Boccia, Kunszentmiklós – Babon settlements belong to Avars.

Key words: hun, avar, ethnogenesis, sarmat, Kroman, ethnonim, bavar, igumen, Skif, asian.

Мухажанова Т.Н.¹, Жумагулов К.Т.²

¹к.и.н., ст. преподаватель, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

²д.и.н., профессор

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Проблемы генезиса аварского каганата на основе антропологических и латинских данных

В статье на основе археологических и латинских данных рассматривается происхождение аварского каганата. Средневековая аварская империя – это тюркоязычное племенное сообщество, которое обитало на Евразийском континенте. И поэтому эта тематика интересна для многих учёных всего мира. И конечно, именно сейчас, в век развитых технологий и науки, эта проблема особенно актуальна. Исследование наше построено на основе письменных источников и на антропологическом анализе памятников. Об этногенезе аваров пишут средневековые латинские историки. Среди них римский мыслитель V в. Приск Панийский, из византийских историков – Феофилакта Симокатта, Менандр Протектор, Иордан, грузинский летописец Картлис Цховребе, из арабских путешественников – Ибн Хордадбек и русские летописцы. Также антропологические данные, найденные в Восточной Европе, особенно в Венгрии, в местностях Сентэндр, Боце, Кунсентмиклош–Бабонд, доказывают, что они относятся к аварской эпохе.

Ключевые слова: гуны, авары, этногенез, сарматы, кроман, этноним, бавары, игумены, скифы, азиаты.

Кіріспе

Әлем тарихында соның ішінде ерте орта ғасырлардағы Еуропа мен Азия байланыстары ерте заманнан-ақ басталған.

Еуразия кеңістігін қамтыған түрік халықтарының, соның ішінде авар қағанатының антропологиясы мен этногенез мәселелері тың және кешенді зерттеулерді талап ететін мәселелердің бірі. Түрік қағанатымен замандас болған аварлар Шығыс Еуропаның басым бөлігін бағындырып, әскери режимдегі мемлекет құрған. Дегенмен авар мен түрік қағанаттары Еуразия кеңістігінде VI-VIII ғғ. өзінен «Мәңгі Түркі елі» идеясын алғаш ұстанушылар. Сонымен қатар аварлар өз заманында мықты дипломаттар. Дәлірек айтқанда Византия империясы, Франк мемлекеті, славяндар, герман тайпаларымен тиімді қарым-қатынас орнатып, парсылармен одақтаса отырып Константинопольдің өзін екі мәрте қоршауға алған. Әскери жағынан мықты қаруланған және ұйымдасқан қағанат болды. Аварлар Еуропаны алғаш темір үзеңгімен таныстырушылар, яғни аттың үстінде нық отырып, белгілі бағытқа жылдам жетуге мүмкіншілік беретін, сол заманның қарулану және атты жабдықтауда жаңа иновация үлкен жаңылыққа әкелді. Ғұндық, азиялық аң стиліндегі ою өрнектерді дәріптеуші және жандандырушылар. Түріктік дәстүр, тіл, наным сенім, ондық жүйедегі әскери құрылым, осының бәрі сөзсіз аварлардың отаны Азия, Менандр айтқандай, Алтайдан келгендер екендігін бет бейнесі мен гениологиялық тұрғыдан тұжырымдау.

Зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық негізі – ерте орта ғасырларда Шығыс Еуропаны қоныстанған авар тайпаларының антропологиялық түрін анықтауға мүмкіншілік беретін археологиялық жәдігерлер мен жазба деректер.

Әдістемелік негізі ретінде тақырыпты қарастыру барысында археологиялық және жазба деректерді салыстыра отырып талдау. Яғни салыстырмалы әдіс басшылыққа алынды. Археологиялық нәтижелерін талдау әдісі белгіленген тақырып негізінде археологиялық ескерткіштерден қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерді өзіндік ерекшеліктеріне қарай талдау. Сонымен қатар тарихнаманың зерттеу әдістері аварлардың шығу тегіне қатысты ертекішілердің тұжырымдарын талдау. Герменевтика әдісі негізінде аварлар туралы негізгі дереккөздердегі мәтіндерді түсіндіруге мүмкіншілік туады. Яғни, алғашқы Орхон-Енисей жазбалары мен Еуропаның жазба деректері тарихтың ашылмаған беттері мен құпияларын ашуға бірден-бір септігін тигізеді сөзсіз. Этнографиялық әдіс. Авар қоғамында өмір сүрген топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктерін зерттей келе, көрші елдермен жасаған саяси қарым-қатынастары арқылы олардың өзара тайпалық құрамындағы ерекшеліктер мен этнографиялық өзгерістерді анықтауға болады.

Авар қағанатын құрушылардың антропологиялық бет бейнесіне қатысты пікірлер

Авар қағанатының тарихынан сыр шертетін жәдігерлер қазіргі Венгрия, Славакя, Румыния, Кавказ тау қыраттары, жалпы айтқанда Шығыс Еуропаның кең даласынан қорғандары мен қоныстарынан табылған адам бас сүйегінің қалдықтарын Батыстық ғалымдар құрастырып, оның енисейлік (азиялық ғұн) бет пішінді Авар қағаны болуы мүмкін деген жоспар жасап отыр. Бастапқыда тарихшы ғалымдар аварлардың шығу тегін (жоу-жан) жуань-жуаньдармен (қытай тілінде пиньинь Ruanquan немесе пиньинь Rougan) байланыстырған, дегенменде бұл тұжырым қазіргі күннің өзінде қолданыс табуда. Себебі, жуан-жуандар авар тайпалық бірлестігінің құрамына енген, тіпті олардың ақсүйек басқарушы өкілдері болуы мүмкін деген де жорамалдар бар. Омелян Прицак, Карл Менгес, Николай Кёррер және т.б. ғалымдар аварлар шығу тегіне байланысты (протомонғол-шығыстық-ирандық) бағытты қолдап, өз тұжырымдарын ұсынған. Сонымен қатар, қытай жылнамалары Тарим бассейнінен Ауған жеріне дейінгі аралықта көшіп-қонған юэчжидің бір тармағы Вар немесе Уар тайпасы жайында мағлұмат береді. 463 жылы Солтүстік Вэй патшалығынан жеңілгеннен кейін олар Қара теңіз аймағына қоныс теуіп, өздерін салт атты ғұндарға жатқызып «Вар және Ғұн» деп атаған.

Византия тарихшысы Ф. Симокатта угорларды былайша суреттейді; олар құдіретті және көп халық, олардың біраз ғана бөлігі уар (вар) және хунндар (хиониттер) түркілерге бағынғылары келмегендіктен, батысқа Еділ өзенінің ар жағына көшіп кетеді де, өздерінің аварлар – еуропалық аттарын иемденеді (Симокатта, 1957: 160).

Аварлар амалсыздан өздерінің жаңа көршілерін тонап, үнемі соғыс жүргізуге тиіс болды. Аварлар – таза әскери ұйым ретінде, жергілікті тайпалар үшін қауіпті дұшпан болды, бірақ араларында қатты жауласа да, олар аварлармен одақтасудың амалын іздеді де, себебі аварлардың күші арқылы өздерінің қауіпсіздігін нығайтып отырды. Аварлар, Шығыс Еуропа тайпаларымен жалғыз күресуден түк шықпайтынын білді, сондықтан бастапқыда туыстас аландармен, сосын кутригурлармен одақтасты.

Византиялық хронистердің жазба деректерін басшылыққа алып, аварлардың Алтай тауы өңірінен шыққан түркі тілдес тайпа екендігіне толық дәлел бар. Сонымен қатар Еуропаға сапарлары барысында жол бойында бірнеше тайпалар мен соның ішінде эфталиттермен қатынас жасап Шығыс Еуропаға түрлі этникалық топ-

тан жинақталған тайпалық бірлестік болып барғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Төменде келтірілген фотосуреттер авар қоғамын құрушылардың бет бейнесін анық сипаттайды.



1-сурет



2-сурет

Екінші сурет бойынша аварлардың еуропалық рассаға жақындығын аңғартады. Археологиялық қазба негізінде табылған аварлардың бассүйегінің 80 %-і еуропалық рассаға жақын атлант-

балтық және Жерорта теңіздік, сопақ басты, ұзын бойлы, сары-ақ шашты, қыр мұрынды және шошақ иекті болған десе, олардың 38 %-і сарматтық типке жақын (кромандықтар) жалпақ бетті протоевропалықтар, 22,6%-і домалақ басты памир-альпалықтар (балқан-кавказдық, сонымен қоса «келт типтестер», ұзын бойлы динарлар, сармат пішіндес кавказдықтар және қытай жылнамаларында аталатын «ди» халқы) қосымша (хуриттар) алдыңғы азиялық арменоидтармен араласқандар, 17,1%-і монғол типтес бассүйектерге солтүстік монғолдық (халхамонғолдық, бурят т.б.) солтүстік қытайлық және палеосібірліктер (шығыңқы мұрынды монғолойдтарға – азиялық ғұндар, енисей халықтары және оған жақын халықтар) жатқызылған. Яғни, табылған антропологиялық материалдарға жүргізілген зерттеулер барысында аварлардың түрлі расалық типте болғандығын растайды. Бұл жағдай ең бірінші көп тайпалық рулардан құралғандығын, екіншіден, бастапқы түр келбетінің өзгеруіне шаруашылық өмірінің өзгеруі де әсер етті, дәлірек айтқанда дәстүрлі көшпелі өмірден отырықшылыққа бейімделуі.

Византиялық авторлардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, аварлардың күшінің мықтылығы мен санының көптігі, олардың жаугершілік соғыс барысында бірнеше тайпаларды өзіне бағындырып алса, ал кейбіреуімен одақтасты дейді. Авар әскерінің құрамы жайында империяның оларға қарсы сәтті жасалған шабуылдардың нәтижелерінен көруге болады. Айталық 601 ж. Византия әскері Дунайдың арғы бетіне өтіп, Тисс өзенінің бойында екі шайқаста, авар жасағын күйретеді. Империяның қолына түскен тұтқындардың тек бесінші бөлігі ғана аварлар болған, жартысы славяндар, ал қалған бөлігі «әртүрлі варварлардан» құралған (Симокатта, 1957: 10-15).

Тіпті жерлеу әдістеріне қарап аварларды монғол тектес деген де жорамалдар бар. Венгрия археологы, тарихшы Иштван Эрдейи монғолдар типінен нағыз аварларды көруге болады деп тұжырымдаған. Археологиялық деректер бойынша аварлар Еуропаға келмей тұрып, олардың ортасында еуропалық расаға жақын ақ-сары шашты, ұзын бойлы-азиялық бет пішінді адамдар болған. Олардың еуропалық халықпен араласқандықтары аварлардың жаппай еуропалықтануын күшейтті. Сонымен еуропалық ғалымдардың археологиялық қазба барысында табылған бассүйектерді құрылысы мен гендік тұрғыдан зерттеу нәтижесінде VI-VIII ғғ. өмір сүрген авар тайпалық бірлестігінің

құрамында герман тілдес гепид және иран тілдес сарматтармен, романдалған жергілікті халықтың («қара бұлғарлар», славяндар – көпшілігі балт, поляк, белорустардың) ата-бабалары араласып Авар қағандығын құрады.

Авар қағанатының тарихынан олардың герман тайпаларымен белсенді түрде қатынастар жасап, лангобардтармен одақтаса отырып гепидтерді қалай күйреткенін, халқын тонап құлдыққа салғанын білеміз. Айталық, гепидтерді бағындырғаннан кейін, 568 жылы лангобардтар Италияға кетеді де, аварлар бүкіл Паноннияның иесі болады (Павел Диакон, 1961: 11-16). Енді авар қағанаты Византия империясының қауіпті жауы болып, империяның бұрын кутигур мен утигурларға жыл сайынғы салығын төлеуді қоса талап етіп, олардың күші мен даңқы арта түседі.

Баварларға қатысты жалғастыратын болсақ, қазіргі таңда Германия жеріндегі «бавар», «бавария» – атауы жалпы этнонимнің шығуына байланысты тоқталуды жөн көрдік. «Бавар» этнонимі (немісше de: bajuwaren) сөзбе-сөз аударғанда «ақ аварлар» немесе кеңпейілді аварлар деген мағынаны білдіреді екен. Дегенмен баварлармен аварлар арасындағы байланысты неміс ғалымдары мойындамайды. Ортағасырлық грек қаласы Пилос «Наварино» «eis ton Avarinon» («туда где авары», «к аварам») аварларға деген мағынаға жақын келеді екен, сонымен қоса қазіргі албан қаласы Антивари бұрын латынша «Civitas Avarorum» деген атпен танымал болған, аудармасы «авар қауымы», «авар мемлекеті» дегенді білдіреді екен. Австрия тарихшылары «Аварэнмарк» княздығының негізі авар қағанаты құлағаннан кейін құрылғандықтан, австрия мемлекеттілігінің қалыптасуына негіз болды деп тұжырым жасауды айтады, И. Маркварт (Marquart, 1914:295), О. Прицак (Прицака, 2003:130), В.Ф. Минорский (Minorsky, 1937:141–150). Т.М. Айтберов авар «awar-auag» атты этникалық терминнің ұрпақтарын Дағыстандағы аварлармен байланысын жоққа шығармайды (Айтберов, 2000). Олардың тұжырымдауы бойынша VIII–IX ғғ. басында құлаған авар қағанатының халқының бірі бөлігі Кавказ тауларын паналап, дағыстандық аварлармен байланыстырады. Сонымен қатар Ауған жеріндегі «Кундуз» қаласы ортағасырларда «Вар-Вализ» (Аварлар қаласы) деген атпен танымал болған. Қытай деректерінде осы атауға «Ахуан» қаласы сәйкес келеді. Демек жоғарыда айтып өткендей, аварлардың Ауған жерлері арқылы Еуропаға жетуін тағы да дәлелдей түседі.



3-сурет

ХІІ-ХІІІ ғғ. Дағыстандағы Кубачи ауылының маңынан табылған авар (вархун) салт атты бейнесі табылған, қазіргі таңда Нью-Йорктің «Метрополитен» музейінде сақтаулы тұр.

Венгрия территориясынан және көршілес мемлекеттердің жерінен, авар кезеңіне жататын жиырма мыңнан аса қабірлер табылған. Археологтардың міндеті, қазба жұмысы барысында табылған заттарды жүйелеу, классификациялау, уақытын анықтау болды. Уақыт шеңберін анықтау археологтар үшін тіпті қиындықтар туғызған, себебі авар зираттарынан тиын ақшалар өте аз табылғандықтан, дәл мерзімін айту мүмкін болмаған. Сондықтан аварларға қатысты жалпылама хронологиялық шеңберін жазба деректерге көбірек сүйенеміз.

Зираттардан табылған қымбат бағалы заттардың кездесуіне байланысты, авар қоғамында, иерархияның болғандығын байқауға болады. Билік басында қаған тұрды. Осы мәселе жайында VI ғ. тарихшысы Григорий Турский жазбаларында «қаған» сөзіне анықтама беріп хан атағымен баламалайды (Турский, 1987: 29).

Латын деректерінің мәліметі бойынша, аварлардың қағанының билік түріне қатысты мәліметтер беріп, шексіз билік жайында хабарлайды (Турский, 1987: 399). Сол кездегі түсінік бойынша «игумен» термині үйдің қожайыны деген мағынаны білдірген, ал «деспот» термині – үйір малдың қожайыны деген мағынаны білдірген (Менандр, 1860: 313). Яғни авар қоғамы иерархиялық жүйеде өмір сүрген. Бір сөзбен айтқанда әлеуметтік жікке бөлініп, мүлік теңсіздігі қолданыс тапқан.

Авар қағанының билік түрі жайында деректер, монархиялық билік тек лонгобард-

тарда және түркілерде, сонымен бірге аварларда болды дейді. Яғни бұл жерде, Авар қағанатында монархиялық биліктің, әкеден балаға мұра ретінде берілетінін байқаймыз. Аварлардың қоғамдық қатынастарын зерттей отырып, рулық-тайпалық дәстүрлерін көрсетуге тырысайық. Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконына тоқталсақ төмендегідей құнды мәліметтерді келтіруге болады. Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. Олардың саяси қатынастарына келе, автор қағанның билігін ерекше атайды. Ғұндардағыдай, аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақ пен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған да, олар атүстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен баудай түсіретін. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найздан тұрған. Сондықтан аварларға төтеп беру үшін, оларға қарсы атты әскермен шығу керек. Аварларға жайылымды жер бермеудің жолын іздестірген дұрыс деген, себебі олар аттарынан басқа, өздерімен бірге басқа да көптеген мал түрлерін айдап жүреді (Менандр, 1860: 5).

Авар қоғамының жартысынан көп бөлігі, жауынгерлерден тұрған. Оны археологиялық қазба жұмысы кезінде қабірлерден көптеген қарулардың табылуы дәлел болады. Қабірлерде жауынгермен қоса қару жарағын бірге жерлеу, ертеден келе жатқан наным сенім. Яғни, о дүниеде де керек болады деген ұғым. Авар дәуірінің зираттарын қару жараққа бай деп те айтуға болады. Көбінесе қымбат бағалы заттар, жайдан-жай жауынгердің зиратынан табылмайды, ол мүмкін әкеден балаға мұра ретінде берілуі мүмкін. Қабірлерде садаққа толы қорамсақ табылмаған (тек жалғыз – Боче қабірінде көсем жерленген мәйітте ғана толы қорамсақ табылған). Көбінесе садақтың саны оннан аспаған. Шамасы әр садақ еркін он жауынгердің билеушісін білдіретін нышаны болса керек – себебі, авар әскерінің ұйымы Азиялық бойынша ондық жүйемен құрылды емеспе.

Ерте және орта кезеңдерге қатысты қабірлердің көпшілігі Венгрияның орталық бөлігіне ұжымдастырылған. Бірақ кейінгі авар кезеңіне жататын мұндай қабірлер кездеспейді. Есесіне жұпыны құрал-саймандары бар мәйіттердің саны көбейеді. Яғни қоғам ішінде жікке бөлінгенін, тәуелді, жеке меншігінен айырылған адамдардың санының өскендігін байқауға болады, сонымен қатар христиан дінінің ықпалы да болса керек, шіркеу бұл дәуірде пұтқа табынушылыққа со-

нымен қатар жауынгерлерді қаруымен, атымен жерлеуге тыйым салса керек. Бірақ соған қарамастан қабірлерден әшекей бұйымдары да (сырға, білезік, сақиналар, жүзіктер) және де киімдер табылған, осыларға қарап жерленген адамның қауымдағы дәрежесін білуге болады.

Үлкен патриархалды семья өздерінің жеке жерлеу орындарын иемденген. Бірақ ақсүйек, атақ-дәрежесі бар адамдарды, жанұя мүшелерінен жеке – ерекше қабірлерде: алтыннан жасалған заттармен, қару-жарақтарымен жерлейтін болған.

Кей кезде ақсүйектерді ағаш тақтайшалардан жасалған табытқа салып жерлеген. Ал кедейлерді шамасы, жай матаға орап көмсе керек. Зираттардың түрлері әртүрлі.

Сонымен әртүрлі қабірлерінің болуы, аварлардың біртіндеп басқа халықтармен араласқандығын байқатады, ескі дәстүрлерді сақтай отырып, сол рудың ішінде қай этникалық элементтердің артықшылығын байқауға мүмкіндік туғызады. Жерлеу әдістеріне қарап, монғолоидтық элементтердің болғандығын байқатады. Тұрғызылып немесе отырғызылған жерлеу әдістер, қабірдің арғы аталары сарматтықтар немесе Орта Азиядан шыққандығын білдіреді.

Бас бостандығы жоқ адамдар жайында, төмендегі мәліметті келтіруге болады: «Аварлар Панонияда өз биліктерін орнатқаннан кейін, шамасы славян тайпаларының бір бөлігі, әсіресе авар территориясының орталығында (Кереш пен Муреш атты өзендердің аралығын) мекендегендер еріксіз, бас бостандығынан айрылған. Яғни құл славяндар болған. Мысалы 593 жылы славян шеберлері авар әскерін Сав өзенінің келесі бетіне өткізу үшін, қайықты «таксиархтардан қорыққандарынан жасаған» (Симокатта, 1957: 4). Яғни бұл жердегі таксиарх деп отырғанымыз авар әскер қолбасшылары қызметін атқарғандар.

Славян тайпаларының құқықсыздығы жайында, қағанның ең алдымен тұтқындалған аварларды босатуға тырысқанынан көруге болады. Бұл тайпалар ағаш шебері болғандықтан қағанаттың әскерін, қайықпен (төрт адам көтеретін жеңіл, «моноксил» немесе «однодеревки» деп аталатындар мен) және де соғыс кемелерімен, қамтамасыз етіп отырған (ол 20-40 жауынгер көтеретін). Ф. Симокаттаның айтуы бойынша 600 ж. Тис өзенінің маңындағы авар және Византия арасындағы шайқас бойынша, қағанға тәуелді жұртшылықтың негізгі этникалық контингентпен қатынасын жобалауға мүмкіндік береді; ромейліктердің жеңуі ба-

рысында «көп славяндар өлтірілген, ал өлген және тұтқындалған аварлардың саны 3000 мың, ал 6200 басқа этностардың өкілдерін құраған (протоболғарлар, гепид, ғұндар?) және 8000 жауынгері славяндардан тұрған. Яғни тұтқындалғандардың 17,5% – аварлар, 46,5% – славяндар, т.б. тайпалар шамамен 36% құраған (Симокатта, 1957: 185).

Сонымен VI-VII ғғ. аралығында қағанның славяндарға үстемдігі мықты болғанын, бірнеше тарихи факторлар дәлелдейді. Мысалы 626 ж. аварлардың Константинопольге жорығы барысында, славяндар теңіз шайқасында жеңіліске ұшырағандарды қаған түгел қыруын талап еткен.

Қазіргі таңда VII-IX ғғ. қатысты авар қоныстарының орындары, қалдықтары табылған. Ең ірі қазба жұмыстары Венгрияда, Дунайда Варош қаласының маңында отыз жеті қоныстың қалдықтары табылған. Бұл қазба жұмыстарына қарап, аварлардың рулық қауымдық типте топтасып, жартылай жертөле үйде тұрған, оның қабырғасы ағаштан жасалған, ішінде пеші болған. Көптеген тұрғын үйлерден астық сақтайтын шұқырлар табылған, құрылыстарда балшықтан жасалған ошақтары болған. VII ғ. әр ауылдарда тұрғын үйлер, шеңбер бойымен дөңгеленіп орналасқан. Дәл осындай тұрғын үйлердің орналасуы Эльба және Молдавияда байқалады. Бұл тұрғын үйлерге, жартылай көшпелі аварлар, қыс кезінде малдарымен, жазғы жайылымдардан кейін келіп қыстап шығатын болған. Қазіргі тілмен айтқанда, қыстақ болған. Көктемнен күзге дейін, киіз үй іспеттес тез жиналатын құрылыстарда тұрған. Яғни осы үйлерінің құрылысы жайында деректерге сүйенетін болсақ, аварлардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болған. Айталық 562 ж. қаған Юстинианға елші жіберіп, жер сұраған. Яғни шамамен осы кезден бастап бақташы түріндегі мал шаруашылығы мен жер игерушілікпен айналыспақшы болады. Дунай бойындағы тұрақ, олардың негізгі орны болды. Осы жерде авар одағының құрамындағы тайпалар, әсіресе славяндар жер игеріп, егін егіп, отырықшы мәдениеттің негізін қалаған. Яғни, Шығыс Еуропа даласы әртүрлі мәдениеттердің араласуының үлкен қазанына айналды.

Аварлардың шығу тегі жөнінде талас-тартыстар

Авар атауының шығу тегі жөнінде талай пікірлер айтылып, түрлі болжамдар жасалуда. Үш жүз жылдай уақыт еуропаның шығыс, тіпті батыс бөлігін де үздіксіз басқыншылық соғыстар жүргізіп, саяси жағынан мықты күшке айналған

авар қағанатын құрушылардың шығу тегі тарихын зерттеуде үш түрлі болжамдар бар. Соның біріншісі бойынша, аварлар көшпелі жуан-жуан империясының ұрпақтары дейді, екіншісі бойынша олар, Орта Азиядан шыққандар және вархониттер олардың ата-бабалары, үшінші бойынша аварлар Венгрия территориясының кейбір қоныстардың атауларының түбірі «варконь» деген сөз тіркесімен аяқталғандықтан жергілікті халық болуы мүмкін дегенде болжамдар бар. Бірінші тұжырым бойынша жужандардың батысқа жылжуы расыменде тарихи факт, бірақ олар миграция барысында Орта Азияда орналасқан түрік тілдес ру-тайпалармен араласа отырып көшкенін жоққа шығармау керек. Яғни осы тұста екінші тұжырым негізінде вархониттер аксүйектер деп авар қоғамында танылып, еуропада танымал болғаны расталады. Ал үшінші тұжырым авар қағанатының тұрақталып, орналасқан жері венгрия территориясы болғандықтан, венгр халқының этникалық қалыптасу процесінде орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен аварлардың этногенезіне қатысты жоғарыда келтірген тұжырымдардың, бірінші және екіншісі бір-бірімен байланысты, сондықтан оларды екіге бөліп қарастырудың қажеті жоқ сияқты.

Авар атауы, жалпы аварлардың қайдан шыққаны жөнінде түрлі мәліметтер бар. Айталық Византия тарихшысы Присктің мәліметі бойынша авар тарихы 461 ж. басталды дейді. Батыс пен Армян деректері бойынша V ғасырдың аяғында, ғұндар Шығысқа басқа атпен – авар деп оралды делінеді. Прокопий Кесарийский және Моисей Хоренский шамалап «ақ ғұндар» деп атаған. Прокопий Кесарийский және Моисей Хоренский шамалап «ақ ғұндар» деп атаған, олар «Кушанавар» деген қолбасшыларымен Перозаны талқандаған деп келтіреді. Бұл қолбасшының аты екі сөйлемнен тұрады: Кушан – термин, армян тарихында көшпелі деген мағынаны білдірген немесе Кушан атауы Орта Азияда бар және Аваз-авар – бұл атау Шығыс Еуропадағы ғұндардың ұрпақтарының аты. 567 ж. Эфталит қоғамы түркілерден жеңілгеннен кейін, Ирнах пен Денгизих деректерінде ақ ғұндар Византиядан бастап Орта Азияға дейін аралықта мекендеген, көшпелі өмір сүретін ғұн тайпаларының қалдықтарымен араласты, ассимиляцияға ұшырады деп жобалайды. Яғни жоғарыда келтіргендей, Кушанавар атты бастаушы адамның аты дәлел болады. Бәлкім бұл атау екі тайпалардың бірігуінің аты негізінде пайда болса керек: Кушан + авар.

Ежелгі авторлардың жобалаулары бойынша, Эфталан атты патша болған, сосын оның аты халқына берілген. Бұл жерде де, яғни авар атауы да дәл солай көсемнің аты тайпа атына берілсе керек. Осы екі көсем аттарын – тайпа аттары деп және бұл екеуінің аты біріктірілген деп жобалауға болады.

Эфталиттердің аварлармен араласқанын қытай деректері де келтіреді. Мысалы: Еда (эфталит) мықты мемлекет деп есептеледі және олар жужандармен құдаласып туысқан болған (жужандар – яғни аварлармен деген сөз) дейді. Сонымен Византия және армян деректеріндегі Кушанавар терминіне анализді қытай деректері де дәлелдей түседі. Эфталиттік – кушан қоғамында, ғұн тайпасының ұрпақтары өздерінің өмір сүруін жалғастыра берді деп жобалауға болады. Бірақ ең алдымен аварлардың кушандармен бірігуі, олардың тайпа атауларына қол таңбаларын қайырғанын бірінші ескеріп айту керек.

Шығыстанушы ғалым А.Н. Бернштам эфталиттердің шығу тегіне сипаттама бере отырып, мына төмендегі сөздерді келтіреді: Эфталиттер кушан – (юечжи) тайпасының бір бөлігі дейді (Бернштам, 1951: 255). Археолог, тарихшы С.П. Толстовтың көрсетуі бойынша олар Орта Азиядағы ғұн тайпалары мен массагет – алан одағымен байланысқа түскендер дейді. Эфталиттердің саяси дамуына бірден-бір әсер еткен, Каспийдің арғы бетіндегі Ирнахтың көшпелі ғұн тайпасы үлкен әсер еткен. *Ғұн одағына жужан одағының шашырандыларының келіп қосылуы, көшпелілерге ғұн атының орнына жаңа этникалық – «авар» атауын береді.* Ғұндық-аварлық тайпа одағының кушан одағының қалдықтарымен бірігіп Орта Азияда көшпелілердің саяси коалициясын құрады. Яғни бұл коалиция әлеуметтік-экономикалық өмірге – үлкен өзгерістерге алып келді, ең алдымен ежелгі көшпелі өмірдің орнына отырықшылықты алмастырды. Бұл мәселені С.П. Толстовтың тұжырымдары жемісті шешімдер береді; Сырдария мен Арал өңіріндегі «саз қалашықтар» ғұн – эфталиттердің қоныстары, ізінше қалалары мен гуздары дейді. Археологиялық қазба материалдарына қарап С.П. Толстов оларда шығыстық элементтердің, соның ішінде монғолдық тіл қорларының болғандығын жоққа шығармайды (Толстов, 1947: 81, 276).

Бірақ монғолдық белгілер V-VI ғғ. болған деп көрсетілген. А.Н. Бернштамның тұжырымдауы бойынша, жужан атының авар атауына ауысуы және олардың ежелгі аты – вархуни, кермхиондар сияқты өзгеруі дәл осы Сырдария мен Арал

өңірінің даласында болуы мүмкін дейді. Осы жерде Шығыс жужандық этникалық элементтері «ғұн қоныстарына» – отырықшы ғұндар өздерінің жалған аттарын қабылдаса керек. Яғни жоғарыда келтірілген дәлелдерді тұжырымдап қорытатын болсақ, авар қағанаты сөзсіз Орта Азия мен Шығыс Еуропаның этникалық массаларының араласуының нәтижесінде пайда болған. Оны авар одағының күрделі әлеуметтік құрылымы дәлелдейді.

Авар атауының шығуына келетін болсақ, Авар (avaris, avares) қағанатын құрушылар мен олардың құрамына енген тайпалар, одақтың тарихы жайында ешқандай мемуар, немесе жазба ескерткіштер, құжаттар т.б. сияқты мәліметтерді қалдырмаған. Сондықтан тақырыптың мазмұнын ашу барысында жазба деректер мен археологиялық мәліметтерге жүгінеміз. Авар термині грекше – авар деп айтылады. Орыс жылнамасында «обро» деп атайды. Араб жазушысы Ибн-Хордадбех (хазарлармен бірге) абарлар немесе аварларды келтірген.

Деректерді талдайтын болсақ, Иордан өз еңбегінде авар атауына байланысты, Днепр өзенін Ғұнновар (Hunnivar) деген терминмен атаған, яғни екі атау біріктірілген: ғұн + авар. Мүмкін «вар» деген термин авеста – эфталиттік термин бойынша «вар» – қала қоныс деген мағынаны білдіруі мүмкін. Осыған байланысты: авархуни – «ғұн қонысы», «қоныстанған ғұндар» деген этимология шығады. Авар мен ғұндардың қысқартылған түрі вархонит тайпа атауында сақталған, яғни сөйлем уар+хуни деп өзгертілген. Бұл атау жазба деректерде VI ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастаған (шамамен 557 ж.). Иорданның шығармаларында Хуннугуры (Hunnuguri) деген атау кездеседі (Иордан, 1960: 434). Жалпы византиялық тарихшылар аварларды екіге бөледі: 1) Европалық авар «псевдоавар»; 2) Орта Азиялық аварлар деп. Менандр Протектор Европалық аварларды – «вархонит» деп атаған (Менандр П., 1860: 31). Феофилакт Симокатта VII кітабының сегізінші тарауында бұл атаудың аздап өзгерген түрі «οβαρ παί Χουβνί» европалық авар болып есептелетін «псевдоаварларды» келтірді (Симокатта, 1957: 13-15).

Бізге жеткен жазба және археологиялық деректерді талдай отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады. VI ғ. бірінші жартысында көптеген көшпелі тайпа ұйымдарының ішінде аварлардың әскери одағы ерекше байқалынады. Біздің ойымызша, Еуропаға келген

аварлар, көп жағдайда жуан-жуан қағанаты ыдырағаннан кейінгі бөлініп кеткен топ болып табылады. Сөйтіп жол бойында түрік руларымен араласа отырып, Шығыс Еуропаның жазықты жерлеріне көшіп келген аварлар, бастапқыда бұл аймақтарда ғұн ордасының құрамында болған савирлар, утигурлар және кутригурлармен қақтығысына тап болады. Император Юстиниан тұсында белгілі болған Прокопий Кесарийский Византия империясының тарихына байланысты, құнды еңбектерін жазған.

Шығыс Еуропа даласына алғашқы аварлардың келуіне байланысты бірнеше мәліметтер бар. Бір мәліметтер бойынша Юстиниан патшалық құрып тұрған кезде уар және хунни тайпаларының бір бөлігінің келе жатқанын көріп, жергілікті халық қорыққандарынан орналасуға мүмкіншілік берген. Уар хундарға жергілікті тайпалардан елші келіп уар хундарды – авар деп атайды. Сөйтіп бұл тайпалар авар деп аталып көсемдерін құрметтеп қаған деп атаған делінеді.

Мәліметтер бойынша «скиф халықтарының» ішінде басқа тайпаларға қарағанда аварлар: ақылды, іскер, ықпалды болған дейді Феофилакт Симокатта. Дегенмен Ф. Симокатта бұл тайпаларды псевдоавар деп атаған дұрысырақ болар еді, себебі тайпалар арасында беделге ие болып, олардың кейбіреуі бұрынғысынша уар деп аталса, ал басқалары хун деп аталды деп жазады.

Е. Шаван нағыз аварды кермхионнан көруге болады дейді; Керм (Червь) – құрт, Хион – жуан-жуандардың атауы кей деректерде жень-жень, жужан деп те кездеседі. Яғни жужан атауының мағынасы құрт, жәндік дегенді білдірген. Жужандар мокула тайпасымен араласқан, қытайлықтар Мокула тайпасына жиіркенішпен қараған, осы кемсітілген атау, батыста Иран формасында керм+хион деп сақталған. Шаванның пікірінше, «жуан-жуандар» деген қытайлардың кемсітіп қойған бұралқы сөзі, ол тайпаның шын аты «мұқылы». Сәнби ұлысы Тан-ши-хуайдың әскерін құрғандар «мукиндер», ал оның билігі тұсында ыдырағандардың бірі «мұқылы» болса, яғни осы Мокула, мукри, мұқылы атаулардың ұқсастықтың өзі, бұл үшеуі бір тайпа емес пе екен деген сұрақ туғызады. Приск Панийский мен Феофилакт Симокатта еңбектерінде «нағыз аварларды» келтірген, Еуропа ғылымында осы аталған деректердегі «нағыз аварлар» жужандар емес пе деген пікір көп таралған. Бір қызығы батыстық деректерде VI ғ. Еуропаға келген аварлар мен «нағыз аварлар» арасында ешқандай байланыс жоқ деп дәлелдеуге тырысқан. Бірақ

осындай болжамдарға қарамастан Европалық аварлар мен жужандар арасында байланыс бар сияқты.

Кей деректерде аварларды-хиониттер вархиониттер деп атап, олар ғұн дәуірінде Сейхун өзенінің (Сырдария) төменгі ағысында өмір сүрген көк көзді, сары адамдар болған деген мәліметтер бар. Ф. Симокаттаның айтуынша, аварлар өте денелі болып, мерген жауынгерлер деп баға берген (Симокатта, 1957: 185).

581 жылдан бастап Түркі қағаны, Істеми батысқа жорығын бастайды. VI ғ. ортасында Арал теңізінің теріскей бетінде түрік қағаны хуни (хиониттер), уар мен огорлар тайпаларының қарсылығына ұшырайды. Тек 558 ж. ғана бұл тайпалар талқандалады да, түріктер түркіттердің бағынғысы келмегендерін, алдына салып айдап, Еділден бір-ақ шығады. Олар уар мен хунни тайпаларының бір бөлігі – не бәрі 20 мыңдай адам еді, кейін олар бір халық – авар болған. Осы мәліметті Менандрда хабарлай келе, аварлардың бір бөлігі 20 мың адам батысқа Кавказдың шеткі аймақтарына қоныстанып, Византиямен қатынас жасайды дейді. Аварлар ұзақ уақыт бойы босқыншылықтан кейін, Алан көсемі Сароси арқылы алғаш Кандих есімді елшілігі империяның астанасына келгендігін нақты сипаттап жазады.

Ф. Симокаттаның келтірген псевдоаварларынан аварлар «Кермихион» деген атымен ерекшеленді. С.П. Толстов болса, басқаша көзқарасын білдіріп, яғни «керм» термині – «қала», «қоныс» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. Олай болса «авархуни» және «кермихион» шын мәнісінде екеуі бір мағына білдіреді – ғұн қонысы, яғни, отырықшылар дейді.

Григорий Турский «История Франков» атты еңбегінде Франк королі Хлотарь өлгеннен кейін ғұндар Галлияға басып кіреді дейді. Бұл мәселе жөнінде Р. Латуштың мәлімдеуінше, мұнда ғұн емес аварлар жайында айтылуда дейді және аварлар Орал-Алтайдан шыққандар, олар төменгі Дунайда орналасып, Дунайдан Тюрингияға дейінгі территорияны басып алады деп нақты шыққан отанын көрсетеді. Қытай деректерінде Хунну деп аталатындарды ресей тарихшыларының хабарлауы бойынша ғұндар дейді. Оған ешқандай дәлелдің қажеті жоқ, аттарының ұқсастығының өзі айтып тұр дейді. Айталық, Патер Гобиль былай дейді: «бұл Хуннулар даусыз, сол Европа тарихшылары келтіретін ғұндар деп атайтындар» деп, бұл мәселе төңірегінде басқа ештеңе айтпайды (Gaubil, 1814: 58). Осы ғалымның

тұжырымдарын және Қытай жылнамаларын т.б. деректерді француз ғалымы ХУІІІ ғасырда Дегинь (Deguignes) пайдаланды. Ол шығыстан батысқа, Азиядан Европаға халықтардың жылжу тарихын зерттеген. Нәтижесінде төрт томдық «Histoire de Huns, des Turcs, des Mongols et des autres Tartares occidentaux» атты еңбегі (1756-1758) жарық көреді. Оның ең басты еңбегі батыс деректері мен Қытай деректерін салыстыруында. Дегинь халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі халықтарды, қытай деректерінде кездесетін халықтардың аттарымен теңестіруі осы күнге дейін дұрыс тұжырым болып есептелінуде. Дегинь Орта Азия халықтарының классификациясын негізгі этнографиялық топқа байланысты емес, саяси жағдайына байланысты бөледі. Сондықтан ол түркілер мен монғолдарды бөліп қарастырмайды. Дегинь, Азияның осы бір бөлігін мекендейтін халықтардың бәрін татарлар (les tartars) деп атап, оларды шығыстық және батыстық деп екіге бөледі. Дегинь бойынша шығыс татарлары дегеніміз, қазір бізше тунгус және корей тайпалары деп аталатын: То-ба (То-ва, Сянь-би (sien-pi) т.б. Одан кейін батыс татарларына ерекше мән береді. Дегиньнің айтуы бойынша, Рим тарихшылары Хуннуларды (батыс татарларды) ғұн атымен білген. Татарида оларды Хун-ну деп аталынып, үлкен мемлекет құрып, оларды қытайлықтар күйреткен. Содан олар шашырап бір бөлігі батысқа барып, Рим империясымен қарым-қатынасқа түскен дей келе, Аттиланың басқыншылық соғыстары соның дәлелі. Хун-нулардың қалғаны Қытайдың шекара аймағында қалып, жу-жень татарларының шапқыншылығына ұшыраған.

Қорытынды

Сонымен мақаланы қорытындылай келе біріншіден, француз зерттеушісі Р. Латуштың тұжырымын құптай келе Авар қағанатын құрушылар Орал-Алтайдан шыққандар деп тұжырымдауға толық негіз бар. Себебі, жазба деректер, әсіресе Менандр, Ф. Симокатта т.б. дәлелдейді.

Екіншіден, Авар қағанатының хронологиялық уақытына сай тұрмысы, өмір сүру салтының өзгеруінен антропологиялық бет бейнесі де өзгеріске ұшыраған. Айталық, авар тарихын үш кезеңге бөліп қарастырсақ соның алғашқы және екінші ширегінде ғұндық-азиаттық үлгідегі бас-сүйектер басым болса, соңғысында еуропалық нәсіл типіндегі бас-сүйектердің басымдылығын археологиялық жәдігерлер дәлелдеп отыр.

V ғасырдың аяғынан VIII ғасырдың аяғына дейін Шығыс Европа даласында Авар қағанаты өмір сүреді. Аварлар құрған тайпалық одақта, негізгі рөлді түрік тілдес тайпалар атқарды, сондықтан негізгі тілі де түрік тілі болды. Аварлар алғашқы евразиялық болған, ғұн державасы құлағаннан кейін бірнеше түркі тілдес тайпалар ішінен аварлар бөлініп шығады және де оларға шығыстан жужандар келіп қосылып, VI ғ. 60-жылдарында Авар қағандығын құрады. Бұл тайпалық одақтың даңқты қағаны Баян болады. Ұлы Қоныс аудару дәуірінде ғұн державасы Европа тағдырына, Евразия тарихында жаңа

кезеңге, яғни орта ғасыр өркениетіне өтуге бірден бір ықпал етсе, ал аварлар осы ғұн дәстүрін; яғни шығыс дәстүрін жалғастыра отырып, атты әскер мен қарулануда үлкен жаңалықтар ашты. VI ғ. ортасында аварлар ауқымды территорияны жүріп өтіп, Карпат жеріне келеді, олар өздерімен қоса басқа да этникалық топтарды ала келеді. Айталық Еділ өзені бойынан герандықтарды, оңтүстік орыс даласынан кутригурларды т.б. Осындай жағдайлардан кейін аварлардың өздері, басынан-ақ бір текті болмады, олар этникалық жағынан құрақ көрпедей түрлі аралас халықтардан құралған болатын.

Әдебиеттер

- Феофилакт Симокатта. История (Памятники средневековой истории народов центральной и восточной Европы) / Пер. С.П. Кондратева. – М.: Академии Наук СССР, 1957. – 223 с.
- Павел Диакон. История лангобардов (отрывки) // Хрестоматия по истории средних веков. – М., 1961. – Т. 1. – С. 531 – 532.
- Marquart J. Über das Volkstum der Komanen Osttürkische. Dialektstudien. Abhandlungen d. Wiss. zu Göttingen, Phil Hist. Class. VII-XIII. – Berlin, 1914. – 295 S.
- Прицака Омелян Походження Русі. Стародавні скандинавські саги і Стара Скандинавія. – Т. II. – К.: Обереги, 2003 – 1304 с.
- Minorsky V. The Khazars and the Turks in the *Ākām al-Marjān* // Bulletin of the School of Oriental and African Studies, University of London. Vol. 9, No. 1. Published by Cambridge University Press on behalf of School of Oriental and African Studies. – 1937, pp. 141–150
- Айтберов Т. М. Закавказские аварцы: этнос, государственность, законы (VIII – начало XVIII в.). – Ч. I. – Махачкала, 2000.
- Турский Г. История франков. Академия Наук СССР. Литературные памятники / Пер. В.Д. Савуковой. – М.: Наука, 1987. – 459 с.
- Менандр Протектор. История // Византийские историки: Дексип Эвнапии Олимпиодор, Малх Патриций, Менандр, Кандид Ноннос и Феофан Византиец / Пер. С. Дестуниса. – СПб.: Тип. Изд. Л. Демиса, 1860. – С. 313 – 470.
- Раннефеодальные государства на Балканах VI-XII вв./Отв. ред. Г.Г. Литаврин. – М.: Наука, 1985. – 354 с.
- Das Strategikon des Maurikios Einführung, Edition und indices Von G. Dennis/ Über. Von E. Gamillscheg. – Wien, 1981. – XI, 2-3.
- Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Наука, 1951, – 255 с.
- Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – Вып. 3. – С. 81, 276.
- Иордан. Гетика / Пер. Е.Ч. Скржинской. – М.: Изд. Восточной литературы, 1960. – 434 с.
- Прокопий Кесарийский. Война с готами / Пер. с греч. С.П. Кондратьева. – М.: Изд. Академии наук, 1950. – 496 с.
- Gaubil P. Traité de la Chronologie Chinoise, éd. Sylvestre de-Sacy, 1814, стр. 58.

References

- Theophylacti Simocattae. Historiae. Per. С.П. Kondrateva. Moskva: Akademi Nauk CCCR, 1957. – 223 s.
- Paulus Diaconus. Historia Langobardorum /Ed. L. Bethmann, G. Waitz // Monumenta Germaniae Historica: Scriptorum rerum Langobardicarum. – Moskva, 1961. – Т. 1. – S. 531 – 532.
- Marquart J. Über das Volkstum der Komanen Osttürkische. Dialektstudien. Abhandlungen d. Wiss. zu Göttingen, Phil Hist. Class. VII-XIII. – Berlin, 1914. – 295 S.
- Prisak O. Prishojdenia Pussi. Starie Sckandinavskie sagi I Staraja Sckandinavia. Kiev. 2003 – 1304 s.
- Minorsky V. The Khazars and the Turks in the *Ākām al-Marjān* // Bulletin of the School of Oriental and African Studies, University of London. Vol. 9, No. 1. Published by Cambridge University Press on behalf of School of Oriental and African Studies. – 1937, pp. 141–150.
- Aitbaev T.M. Zakavskie avarsi: genesis, gosudarstvennost, zakoni (VIII – XVIII v.). Sh.1. – Mahashkala, 2000.

- Turski G. Historia Frankov. Moskva: Akademi Nauk CCCR, literaturnie pamitniki. 1987.- 459 c.
- Menandr P. Historia// Visantinskie historiki: Deksip Evnapi Olimpiodor, Malh Patrichi, Kandid Nonnos I Feofan Visantines / Per. S. Destunisa. – CPb.: Izd. L. Demica, 1860. – S. 313 – 470.
- Rannefeodalnoe gosudarstva na Balkanah VI-XII vv./ Otv.red.G.G. Litavrin. – M.: Nauka, 1985. – 354 s.
- Das Strategikon des Mauricos Einführung, Edition und indices Von G. Dennis/ Über. Von E.Gamillscheg. – Wien, 1981. – XI, 2-3.
- Bernchtam A.N. Ocherk histori gunnov. – L.: Nauka, 1951, – 255 s.
- Tolstov S.P. Goroda guzov // Sovetskaia etnografi. – 1947. – Vip. 3. – S. 81, 276.
- Iordan. Getika / Per. E.Sh.Skrijinski. –a M.: Izd. Vostoshnaia literature, 1960. – 434 s.
- Procopius Caesariensis. De bello Gothico // Opera omnia / Ed S.P. Kondrateva. Moskva: Akademi Nauk CCCR, literaturnie pamitniki. 1950. – 496 s.
- Gaubil P. Traité de la Chronologie Chinoise, éd. Sylvestre de-Sacy, 1814, s. 58.